

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті туралы ережені бекіру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 21 сәуір N 369. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.04.29. N 518 қаулысымен. ~P990518

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655\_ Жарлығына және "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын жүзеге асыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 P971551\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті туралы ереже;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер

ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің құрылымы бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 шілдедегі N 1135 қаулысының күші жойылған деп танылсын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 33, 301-құжат).

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 21 сәуірдегі

N 369 Қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің  
Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті туралы

# ЕРЕЖЕ

## Миссиясы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) жер ресурстарын басқару және жер қатынастарын реттеу саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізуді, топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды басқаруды, Қазақстан Республикасының жер ресурстарын ұтымды пайдалануға және қорғауға мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

### I. Жалпы ережелер

1. Комитет Қазақстан Республикасында жер ресурстарын, сондай-ақ топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды басқару жөніндегі мемлекеттік орган болып табылады.

2. Комитет Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі құзыретінің және өзіне берілген өкілеттіктердің шегінде жер ресурстарын басқару және жер қатынастарын реттеу саласында арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады.

3. Комитет өз құрылымына кіретін облыстық, Ақмола және Алматы қалалық және аудандық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттерімен, сондай-ақ геодезиялық және жерге орналастыру бейініндегі кәсіпорындармен бірлесіп Қазақстан Республикасында жер ресурстарын басқару жөніндегі бірыңғай мемлекеттік жүйені құрады.

Облыстардағы, Ақмола және Алматы қалаларындағы, аудандардағы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттер Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің аумақтық органдары болып табылады.

4. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Комитеттің аппаратын және оның аумақтық органдарын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігін ұстауға көзделген

қаржының есебінен жүзеге асырылады.

6. Комитеттің өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдері барлық органдардың, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың және азаматтардың орындауы үшін міндетті.

7. Комитет заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының банктерінде бюджеттік және ағымдағы шоттары, оқшауланған мүлкі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

## II. Басымдықтары

8. Комитет қызметінің негізгі басымдықты бағыттары:

- жер ресурстарын басқару және қатынастарын реттеу саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу;
- геодезиялық, астрономиялық-геодезиялық, аэрофотоғарыштық, топографиялық және картографиялық жұмыстарды, стандарттау мен инженерлік жабдықтауды ғылыми-техникалық қамтамасыз ету;
- жер реформасын тереңдету және оны тікелей орындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жасау, жерге орналастыруды, мемлекеттік жер кадастрын және мониторингін жүргізу;
- жер рыногы мен жерді пайдалану құқықтары нарығының қалыптасуы мен дамуына жәрдемдесу;
- топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізу;
- мемлекеттік геодезиялық жүйелерді дамыту және Қазақстан Республикасында геодезиялық қадағалауды жүзеге асыру;
- суретке түсірудің, карталардың барлық түрлерін, геодезиялық және нивелирлік деректермен, инженерлік-геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстармен мемлекеттік органдардың қажетін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды үйлестіру, олардың орындалу технологиясының сақталуын бақылау және қадағалау;
- жер ресурстарын реттеу, жер ресурстарын басқару, жерге орналастыру, сондай-ақ топографиялық-геодезиялық, картографиялық және оларға байланысты өзге де жұмыстар мәселелері бойынша заң және басқа да нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу болып табылады.

## III. Негізгі міндеттері

9. Комитет:

Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарымен жер қатынастарын реттеу, жерді пайдалану және қорғау, жер реформасын жүргізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасауды;

жер реформасын жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды және жүзеге асыруды, оны ғылыми, кадрлық және әдістемелік қамтамасыз етуді, жерге орналастыру жөніндегі шараларды әзірлеуді және оларды іске асыруды;

мемлекеттік жер кадастрының жер мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуді;

Қазақстан Республикасының жер ресурстарының жай-күйі туралы деректер банкін құруды;

жерге және жерді қорғау мен ұтымды пайдалануды экономикалық ынталандыру шараларына ақы белгілеу жөнінде ұсыныстар әзірлеуді;

жер учаскелерін жеке меншікке сату немесе мемлекетке жерді пайдалануға беру кезінде және олардың кепілі кезінде нақты жер учаскелерінің (жерді пайдалану құқығының) құнын айқындауды;

Қазақстан Республикасының жерлерін аймақтандыруды жүргізуді;

жер учаскелерінің бөлінуін және бөлінбеуін айқындауды;

пайдаланылмаған және заңдарды бұза отырып пайдаланылған жерлерді анықтауды;

жерлерді тиімді пайдалану және қорғау бөлігінде республикалық, облыстық, аудандық бағдарламаларды, схемаларды және жобаларды сараптауды;

жер реформасын жүргізу мақсатында республикалық маңызы бар

ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық, жобалау-іздігіру жұмыстарының тапсырысшысы функцияларын;

өндірістік бөлімшелердің күшімен жерге орналастыру жөніндегі жұмыстарды, сондай-ақ топографиялық-геодезиялық, инженерлік-геодезиялық, маркшейдерлік, картографиялық, топырақтану, агрохимиялық, геоботаникалық және басқа да зерттеу және іздігіру жұмыстарын;

жер учаскелеріне меншік құқығына арналған жерді тұрақты пайдалану құқығына актілер дайындауды және беруді;

жерлерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жасауды;

әкімшілік-аумақтық бірліктердің шекараларын техникалық ресімдеуді қамтамасыз етеді.

#### IV. Функциялары

10. Комитет осы Ережеде белгіленген міндеттерді жүзеге асыру үшін мынадай функцияларды жүзеге асырады:

жер заңдарының қолданылу тәжірибесін қорытады, белгіленген тәртіппен оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

өнеркәсіптік және өзге де мақсаттағы объектілерді орналастыру, салу, қайта жаңарту, кеңейту, консервациялау немесе жою кезінде, оның ішінде шаруашылық ішінде құрылыс салу, геологиялық барлау, іздестіру және басқа да жұмыстарды жүргізу кезінде жер заңдарын бұзушылықты жоюға шаралар қабылдайды;

қолда бар жерлер мен олардың санаттары, пайдаланылатындары, жер учаскелерінің меншік иелері және жерді пайдаланушылар бойынша бөлінуі туралы, жерлерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жасау туралы, бүлінген жерлерді қалпына келтіру, топырақтың құнарлы қабатын сылып алу және пайдалану туралы жыл сайынғы республикалық есепті жасайды;

мемлекеттік республикалық картографиялық-геодезиялық қорды жүргізеді және оны ұдайы толықтырып отырады;

республика аумақтарындағы жер ресурстарының геоақпараттық жүйелері мен Мемлекеттік республикалық картографиялық-геодезиялық қорын және картографиялық қорын жасайды;

оларды жоспарлы түрде тұрақты жаңартып отыру жолымен геодезиялық жүйелер мен карталарды қазіргі заманғы жай-күйінде ұстап тұрады;

топографиялық-геодезиялық, картографиялық және аэросуретке түсіру материалдарын пайдаланудың тәртібін белгілейді және ведомстволық тиесілілігі мен меншік нысандарына қарамастан ұйымдарда бұл материалдардың есепке алынуына, көбейтілуіне және сақталуына бақылау жасауды ұйымдастырады;

белгіленген тәртіппен басқа ұйымдарға және азаматтарға геодезиялық және топографиялық ақпараттарды беруі мен басқа да көрсеткен қызметтері үшін ақы төлеудің мөлшерін әзірлейді және тиісті мемлекеттік органдардың бекітуіне енгізеді;

белгіленген тәртіппен халықаралық ұйымдарда геодезия және картография мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделерін білдіреді, басқа елдердің геодезиялық қызметтерімен қарым-қатынас ұстайды.

11. Комитет белгіленген тәртіппен:

мемлекеттік топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарға басшылықты;

Қазақстан Республикасының барлық аумағында геодезиялық және нивелирлік

жұмыстарды бірыңғай координаттар мен биіктіктер жүйесінде жүргізуді ұйымдастыруды;

аэрофотосуретке түсіру жұмыстарын Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Қорғаныс министрлігімен келісуді;

жерлерді пайдалану мен қорғау саласында және өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шетелдік мемлекеттік органдармен, ғылыми ұйымдармен және фирмалармен сыртқы экономикалық байланыстарды және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты;

меншік нысандарына қарамастан түрлі ұйымдар Қазақстан Республикасының аумағында жасаған топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды лицензиялауды, сондай-ақ топографиялық және картографиялық өнімдерді сатуды және оларды атқарушылардың қаржыландыру көзіне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, ол жұмыстардың мемлекеттік есебін жүргізуді;

ұйымдардың өздері орындайтын топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстардың технологиясы мен сапасын сақтауына мемлекеттік бақылау жасауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және халықтың түрлі нысандардағы ғарыштан қашықтықты байқау материалдарын қоса алғанда, картографиялық, фотосуреттік және сандық ақпаратқа деген қажетін қамтамасыз етеді;

белгіленген тәртіппен шығарылатын карталарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының, шельф шекараларының, сондай-ақ облыстар мен аудандардың, басқа да саяси-әкімшілік және географиялық элементтердің шекараларының графикалық дұрыс сызылуын қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын белгілеуге, картаға түсіруге және демаркациялауға қатысады;

Қазақстан Республикасымен ортақ мемлекеттік шекарасы бар мемлекеттермен екіжақты шарттар жасасу кезінде шекара аумақтарында геодезиялық, топографиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізуді үйлестіру бөлігінде қатысады.

12. Комитет республикалық мемлекеттік мекемелерді мемлекеттік басқару органы болып табылады және заңдарға сәйкес оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асырады.

## V. Құқықтары

13. Комитеттің:

белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды тұлғалардан, жер учаскелері иелерінен және жерді пайдаланушылардан жерлерді

пайдалану және қорғау мәселелері бойынша қажетті ақпараттар сұратуға және алуға;

қолданылып жүрген заңдарда көзделген негіздер бойынша жерді пайдалану құқығын тоқтату туралы, сондай-ақ құрылыс жұмыстарын тоқтата тұру, айрықша қорғалатын табиғи аумақтар құру, жерлерді игеру мен жақсарту және тиісті жобаларсыз немесе олардан ауытқу арқылы жүзеге асырылатын аумақтарды ұйымдастыруға байланысты басқа да шаралар туралы атқарушы органдардың қарауына ұсыныстар енгізуге;

белгіленген тәртіппен орталық және жергілікті атқарушы органдардың қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін жер қатынастарын реттеу, жерге орналастыруды жүргізу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерін тоқтату туралы ұсыныс жасауға;

сотта талапкер және жауапкер болуға;

топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды толық тоқтатуға дейін осы Ережеде белгіленген ықпал ету шараларын қолдануға құқығы бар.

## VI. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

14. Комитетті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтер босататын Төраға басқарады. Төрағаның оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады.

15. Төраға Комитеттің жұмысына басшылықты ұйымдастырады және жүзеге асырады және жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларының орындауы үшін дербес жауапкершілікте болады.

Комитеттің төрағасы осы мақсатта:

өз орынбасары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

Комитеттің қызметкерлерін, өз құзыретінің шегінде Комитетке ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

тәртіптік жаза қолданады;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады;

құрылымдық бөлімшелер мен оның аумақтық органдары туралы ережелерді, Комитетке ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың жарғыларын бекітеді;

өз құзыретінің шегінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Комитетті білдіреді;

өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

16. Комитеттің құзыретіне жататын ғылыми-техникалық мәселелерді қарау үшін Ғылыми-техникалық кеңес құрылады. Ғылыми-техникалық кеңес туралы ереже мен оның құрамын Комитеттің төрағасы бекітеді.

17. Облыстардың, Ақмола және Алматы қалаларының жер ресурстарын

басқару комитеттерінің төрағаларын облыстардың, Ақмола және Алматы қалалары әкімдерінің келісімі бойынша Комитеттің төрағасы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. Жер ресурстарын басқару жөніндегі аудандық комитеттердің төрағаларын облыстық жер ресурстар басқару жөніндегі комитеттер төрағаларының ұсынуы және аудан әкімдерінің келісімі бойынша Комитеттің төрағасы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 21 сәуірдегі  
N 369 Қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы  
министрлігі Жер ресурстарын басқару жөніндегі  
комитетінің  
**ҚҰРЫЛЫМЫ**

Басшылық

Жер реформасы, жерге орналастыру және жобаларды сараптау бөлімі

Жерлерді пайдалануға және қорғауға бақылау жасау, геодезиялық  
қадағалау және режим жөніндегі мемлекеттік инспекция

Жер ресурстарын, жер кадастры және жер мониторингі бөлімі

Геодезия және картография бөлімі

Қаржы және ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз ету бөлімі



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК